

Қазақстан Республикасы автомобиль жолдарында көлік құралдарының салмағын бақылау бекеттері туралы ЕРЕЖЕ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көліккоммині Көлік департаментімен 1997 жылғы 25 желтоқсандағы бекітілген. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 22 ақпанда N 466 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 5 қарашадағы N 399-І бұйрығымен.

-----Үзінді-----

Ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдерді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес келтіру мақсатында, "Заңға тәуелді кесімдерді жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкімін орындау үшін БҰҰЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көлік департаментінің директоры 1997 жылғы 25 желтоқсанда бекіткен, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 22 ақпанда N 466 нөмірмен тіркелген "Қазақстан Республикасы автомобиль жолдарында көлік құралдарының салмағын бақылау бекеттері туралы" ереженің күші жойылды деп танылсын...

Министр

1. Жалпы ережелер

1.1. Бұл Ереже Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 20 сәуірдегі "Қазақстан Республикасы аумағында автомобиль жолдарын, жол ғимараттарын пайдалану Ережесін және оларды қорғау тәртібін бекіту туралы" N 316 , 26.04.95 ж. "Қазақстан Республикасында халықаралық автомобиль тасымалын дамыту мен ұйымдастыруды жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" N 557 қаулыларына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 21 ақпандағы Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Жол қоры туралы" Жарлығын жүзеге асыру туралы" N 221 қаулыларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар Министрлігінің 1995 жылғы 30 мамырдағы "Қазақстан Республикасының аумағында ауыр салмақты және үлкен көлемді көлік құралдарының жүру төлемі туралы" бірлескен N 03-13/913, N 1489 шешіміне

және жол жүру Ережесіне сәйкес әзірленді.

1.2. Қазақстан Республикасында жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары жүйесін сақтау және автомобиль жолдарында автомобиль көлігінің жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында автомобиль жолдары облыстық қазыналық кәсіпорындары құрамында бұлардың құрамына кіретін салмақ бақылау бекеттері (СББ) құрылады.

1.3. СББ өз жұмысында мемлекетаралық келісімдерді, Қазақстан Республикасы заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен өкімдерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары мен өкімдерін және басқа нормативтік құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің бұйрықтары мен өкімдерін, облыстық Қазыналық кәсіпорындардың бұйрықтары мен өкімдерін және осы Ережені б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

1.4. Қазыналық кәсіпорын СББ-ны оперативтік басқару ісін тапсырма-шартқа сәйкес басқа ұжымдарға беруге құқылы.

1.5. СББ-ны ұстауына жұмсалатын шығын, смета негізіндегі есеп бойынша Қазыналық кәсіпорын белгілейді, ол бекет жұмысының тиімділігіне сәйкес реттеліп отырады.

2. СББ-ның міндеті мен қызметі

2.1. СББ-ның негізгі міндеті - ауыр салмақты және ірі көлемді көлік құралдарын өткізуді бақылауға алу арқылы жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары жүйесі мен олардағы құрылыстардың сақталуын қамтамасыз ету және жол жүру қауіпсіздігін арттыру.

2.2. СББ негізгі міндетінің шешілуін қамтамасыз ету үшін көлік құралдарының салмағы мен көлем өлшемдерін ұдайы бақылауға алады, жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарымен жүк тасымалдайтын үлкен көлемді және ауыр салмақты көлік құралдарының, соның ішінде шетелдік көлік құралдарының "Арнайы рұқсаты" болуын қадағалайды, жүрісті уақытша шектеу кезеңінде бақылау күшейтіледі.

2.3. СББ міндеттеріне сәйкес мыналарды іске асырады:

2.3.1. Көлік құралдарының салмақ пен көлем өлшемдерін құрылғылар көмегімен тексереді, сондай-ақ СББ-ның қарамағындағы жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары учаскесінде жол қозғалысы қарқынын бағалайды;

2.3.2. Үлкен көлемді және ауыр салмақты жүк тасымалдауға "Арнаулы рұқсаттың" бар-жоғын тексереді тәртіп бұзушыларға жауапкершілік жүктейді, нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес үлкен көлемді және ауыр салмақты көлік құралдарын өткізуді қамтамасыз етеді;

2.3.3. Жабдықтардың сақталуын, оның техникалық дұрыс күтілуін қадағалайды ;

2.3.4. СББ-ның әрекет ету аймағында техникалық қауіпсіздігі, экологиялық және өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау, санитарлық-гигиеналық норманы және т.б. талаптарды сақтауды қамтамасыз етеді;

2.3.5. Көлік құралдарының салмағы мен көлемді өлшемдерін құрылғы көмегімен қозғалысының қарқынын есепке алуды жабдықтап бақылаудың және жолда жүру қарқыны есебін шығарудың озық тәсілдері қолданылуын ұйымдастырады және жүзеге асырады;

2.3.6. Өз қарамағындағы жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары учаскесінде көлік құралдарының салмағы мен көлемді өлшемдері және жол қозғалысы қарқыны жөніндегі статистикалық мәліметтердің жинақталуын ұйымдастырады;

2.3.7. Жинақталған мәліметтерді белгіленген нысандағы есеп құжаттары түрінде облыстық қазыналық автомобиль жолдары кәсіпорнына талдау және сақтау үшін өткізеді;

2.3.8. СББ-ның қызметін ұйымдық-технологиялық және қаржымен қамтамасыз ету жағынан ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстарын әзірлейді. СББ қызметін қаржыландыру тетігін, жетілдіру, СББ-ның іс-әрекеті аумағында перспективалық даму және сервистік қызмет көрсетуді дамыту жөніндегі ұсыныстарын енгізеді;

2.3.9. СББ-ның құзырына енетін мәселелер бойынша талдау материалдарын, баяндамалар есептерді дайындайды.

3. СББ-ның жұмыс тәртібі

3.1. Тұрақты СББ бекеттері жүк жинақтау нүктесінде, автомобиль жолдары қиылысында, шекара өткелдерінде орналасады.

Мобильді СББ автомобиль жолдарының жүк жинақтау бағытының (жүк ағымдары) өзгертін орындарында орналасады.

Қазыналық кәсіпорын СББ орнын ҚР ІІМ облыстық жол полициясымен келісілген шешім бойынша анықтайды.

3.2. Тұрақты СББ тәулік бойы жұмыс істейді. Бекеттің штаттық кестесі кезекті жұмыс тәртібі талабына сәйкес түзіледі.

3.3. Мобильді СББ тобы жүргізушіден, СББ-ның 2 қызметкерінен тұрады. Мобильді СББ арнайы бекітілген кесте бойынша жұмыс істейді.

3.4. Тұрақты СББ салмақ өлшемдерін бақылауды автоматтық тәртіпте тікелей қозғалыс уақытында жолдың жүріс бөлігінде (жол табанында орнатылған салмақ өлшеу жабдықтары болғанда), немесе көлік құралдарын жол байланысты арнайы алаңға орнатылған таразыға шығарып өлшеу арқылы жүзеге асырады.

Мобильді СББ салмақты бақылауды көлік құралдарын жол жиегінде тоқтатқаннан кейін жүргізеді.

3.5. Көлемді бақылауды автоматты тәртіпте, жолдың жүріс бөлігінде

орнатылған рамкадан өткен кезде немесе жол полициясы қызметкерлерінің белгісімен көлік құралдары жол жиегінде тоқтатылғанда рулеткамен өлшеу арқылы жүргізіледі.

3.6. Егер салмағы немесе көлемді өлшемдері белгіленген көрсеткіштен артық болса, СББ қызметкерлері жүк тасушыдан ауыр салмақты және үлкен көлемді көлік құралдарын өткеруге берілетін "Арнайы рұқсатты" талап етеді және "Арнайы рұқсатта" көрсетілген нақтылы салмақ пен көлемді көрсеткіштерінің дұрыстығын тексереді.

Егер автопоездың нақты жалпы салмағы рұқсат етілген көрсеткіштен аспаса, қабылдау платформасынан жылдамдығы 40 км/сағ. аспайтын жүк көлігін өткізгенде білекке түсетін нақты жоғары салмақ рұқсат етілген көрсеткіштен 5%-тен артық аспаған жағдайда, тәртіп бұзылмаған деп есептелінеді.

3.7. СББ қызметкерлері:

- а) Рұқсат етілгеннен немесе "Арнайы рұқсатта" көрсетілгеннен (ол тасымалдаушыдан болғанда) кемінде бір өлшемнің асып кеткенін;
- б) "Арнайы рұқсатта" көрсетілген жүру бағытынан ауытқып кеткенін;
- в) жүк тасу уақыты "Арнайы рұқсатта" көрсетілген уақытқа тура келмесе немесе жүк тасуға "Арнайы рұқсаты" болмағанын анықтағанда, төмендегідей әрекет етеді:

- заңда белгіленген тәртіппен, тәртіп бұзушыларды жауапкершілікке тарту әрі қарай ИБ бөлімшелеріне беру үшін бірінші қосымшадағы нысанда акті түзеді;

- ауыр салмақты немесе үлкен көлемді жүк көліктерінің бүкіл маршрут бойында жүру өтемін қолданылып жүрген нормативті құжаттарға сәйкес қайта есептейді (есептейді). Жүк тасымалдаушы қосымша ақы төлейді және оған ауыр салмақты және үлкен көлемді көлік құралдарының жолда жүруіне жаңа "Арнайы рұқсат" рәсімдейді.

3.8. Жол жамылғысы тозуының жоғарылауына байланысты, оның орнын толтыру өтемі тікелей СББ кассасына, автомобиль жолдары Қазыналық кәсіпорнының есеп шотына төленеді.

3.9. Қажет болған жағдайда Жол полициясы қызметкерлері жүк тасымалдаушы көлік құралдарын бақылау ретіндегі өлшеуден өтуге немесе нақтылы салмақ өлшемдерін салыстыру үшін салмақ бақылау пунктіне жібереді. Бақылау өлшемі нәтижесінде жүк тасу Ережесінің бұзылғандығы анықталса, берілген құқық негізінде жүргізушілерді, немесе жүк көлік құралдарын пайдаланушыларды әкімшілік жауапкершілікке тартады, қажет болған жағдайда тәртіп бұзушылық түзелінбейінше әрі қарай жүруге рұқсат етпейді.

4. СББ қызметкерлерінің құқықтары

4.1. СББ қызметкерлері.

4.2. Ауыр салмақты және үлкен көлемді жүк тасымалдаушы көлік

құралдарын СББ әрекет ететін аймағында тоқтатуға құқықты.

4.3. СББ әрекет ететін аймақта:

- көлік құралдарының иесінің немесе оларды пайдаланушының қолында үлкен көлемді және ауыр салмақты жүктерді алып жүруге құқығын растайтын құжаттары (белгілі үлгідегі рұқсаты мен пропускасы) болуын;

- рұқсаты мен пропускадағы көрсетілген маршруттың көлік құралдары жүруінің нақты маршрутына сәйкес келуін;

- көлік құралдарының салмақ өлшемдерінің рұқсатта көрсетілгенге сәйкес болуын ;

- рұқсат пен пропускіде көрсетілген тасымалдау мерзімінің, нақтылы тасымал мерзіміне сәйкес болуын ;

- рұқсатта және пропускіде көрсетілген тасымалдау шарттарының нақтылы басқа реквизиттерге сәйкес болуын тексере алады.

4.4. Үлкен көлемді және ауыр салмақты жүктерді тасығанда белгілі үлгідегі рұқсаты мен пропускісі болмаса, тасымалдау құқығын бұзса:

- "Автомобиль жолдарын пайдалану Тәртібін" бұзу, немесе басқа да бұзушылықтар фактісін белгілеп, құжатта тіркейді;

- ЖП қызметкерлерімен бірге "ҚазССР әкімшілік құқықты бұзу туралы Кодексіне" сәйкес әкімшілік құқықты бұзу туралы хаттаманы әзірлеуге, қ а т ы с а д ы .

4.5. Қазақстан Республикасының Үкіметінің 1996 жылғы 21 ақпандағы "Жол қоры туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру туралы" N 221 қаулысына сәйкес жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарында ауыр салмақты және үлкен көлемді жүк тасымалдағаны ү ш і н т ө л е м а қ ы а л у ғ а .

4.6. Қазақстан Республикасының жалпы пайдасындағы автомобиль жолдарында ауыр салмақты және үлкен көлемді көлік құралдарының жүруіне туралы Нұсқауға сәйкес үлкен көлемді және ауыр салмақты көлік құралдарын өткеруге "Арнайы рұқсат" беруге қатысады.

5. СББ қызметкерлерінің жауапкершілігі

5.1. СББ-ның лауазымды қызметкері салмағы мен көлемді өлшемдері шектеулі өлшемдерден асып түсетін көлік құралдарының рұқсатсыз жүруін болдырмау жөніндегі міндетін орындау барысында салғыртыққа салынса немесе әрекетсіздік көрсетсе, осының салдарынан жол немесе жол құрылыстары бүлінсе және қауіпті жағдай туса, заңда көрсетілген тәртіппен жауапкершілікке тартылады.

6. СББ-ны қаржыландыру

6.1. СББ құрылысын, оның жобасы жергілікті атқарушы органдармен, ЖПД органдарымен және басқа да мүдделі органдармен келісілгеннен кейін тиісті

ұ й ы м д а р і с к е а с ы р а д ы .

6.2. СББ құрылысы Жол қоры қаражаты есебінен қаржыландырылады.

6.3. Тұрақты СББ-ның мүлкінің құны жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары құнының құрамына кіреді.

6.4. СББ-ны ұстауды қаржыландыру Жол қорының "жұмыс істеп тұрған жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары жүйесін ұстау және жөндеу" жөніндегі бабына сәйкес бөлінетін қаражат есебінен оларды ұстауға белгілі бір тәртіппен бекітілген сметаларға қарай қаржыландырылады.

6.5. Жол полициясы бөлімшелерінің жұмысына шартқа сәйкес жиналған соманың 3%-не дейінгі мөлшерінде ақы төленеді.

1-қосымша

Үлкен көлемді (ауыр салмақты) көлік құралдарының жүру тәртібін бұзу туралы АКТ

(Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің 1993 ж. 20 сәуірдегі N 316 қаулысымен бекітілген автомобиль жолдарын пайдалану Ережесінің 16, 23 баптарына сәйкес)

Жасалған күні "___" _____ 199_ ж.

Жасалған жері _____

(жолдың атауы, километрі, салмақ бақылау бекетінің N)

жүргізушінің А.Ж.Т., жұмыс орны _____

Автомобиль маркасы _____ мем.номері _____

Жол қағазының номері _____ және жүру бағыты _____

"Арнайы рұқсаты" барлығы _____

қашан және кім берді _____

Өлшемдері	Мүмкіндігі	Рұқсатпен	Нақты
Жол бетінен биіктігі, м	4,00		
Ені, м	2,50		

Бір тіркемелі автопоездың ұзындығы, м	20,00		
Екі тіркемелі автопоездың ұзындығы, м	24,00		
Толық көлемі, м			
Жүк салмағы, т			
Оське түсетін мейлінше үлкен салмақ т.с.			
Қосарланған оське түсетін мейлінше салмақ т.с.			
Үш оське түсетін мейлінше үлкен салмақ т.с.			

Шығарып салынатын көлік құралдарының болуы және олардың "Арнаулы рұқсатта" көрсетілгендерге сәйкес келуі _____
Көлік құралдары жабдықтарының "Ауыр салмақты және үлкен көлемді жүктерді тасымалдау жөніндегі Нұсқаулыққа" сәйкес келуі _____ Құқық бұзылуының уақыты мен оның мәні _____ Жүргізушінің құқық бұзылуы жөніндегі түсіндірмесі _____

Осы құқық бұзылуына байланысты болатын жауапкершілікті анықтайтын нормативті акт _____

Өкілетті лауазымды адам _____

Қызмет орны, ЖДП қызметкерлерінің аты-жөні, куәлігі N _____ қолы _____

Қызмет орны, жол полициясы қызметкерінің аты-жөні, куәлігі N _____ қолы _____
Куәгерлер (олар болған жағдайда) _____

Аты-жөні, жеке куәлігінің немесе басқа құжатының NN _____ қолы _____

Жүргізуші (жауапты жүк тасымалдаушы) _____

Аты-жөні, жеке куәлігінің немесе басқа құжатының NN _____ қолы _____

2-қосымша

СББ-ны ұйымдастыру технологиялық жағынан қамтамасыз ету

1. СББ - ның түрлері:

СББ-ның тұрақты және мобильді екі түрі болады. СББ-да пайдалануға жабдықтар сертификацияланған болу керек.

СББ өзінде қолданылатын заттардың белгіленген тәртіппен метрологиялық бақылаудан өткізілуін қамтамасыз етуге міндетті.

СББ-ның қызметкерлері бекет жабдықтарын зерделеуде және оны пайдалануда арнайы дайындық курсынан өтулері тиіс.

2. СББ тұрақты постының жабдықтары:

- тұрақты тараздар;
- мәліметтерді жинаудың, сараптаудың, жинақтаудың, сақтаудың автоматты жүйесі;
- арнайы байланыс құралдары;
- қызметкерлер мен аппараттарға арналған бөлме;
- нормативтік құжаттар комплектісі;
- СББ әрекет аумағын қажетті жарықпен қамтамасыз ету;
- шектеу белгілері;
- өлшем жағынан әрі қарай жүруге мүмкіндігі жоқ көлік тұрағы.

3. Мобильді СББ-ның пост жабдықтары:

- арнайы автомобиль;
- тасымал таразысы;
- жылжымалы байланыс құралдары;
- нормативтік құжаттар комплектісі.

3-қосымша

СББ-ға арналған аспаптар мен жабдықтардың үлгі тізбесі:

1. Салмақ өлшейтін құралдар;
2. Көлемді бақылау рамкасы;
3. Еске қалдыру жабдығы бар касса аппараты;
4. "Арнайы рұқсат" бланкілері;
5. "Арнайы рұқсатты" тіркеу журналы;
6. "Арнайы рұқсаттар" бланкісін және автомобиль жолдарына келтірген зияны үшін жиналған қаржыны сақтайтын сейф;
7. Нормативті-техникалық құжаттар;
8. Ұйымдастыру техникасы (қажетіне қарай);
9. Байланыс аппараттары;
10. Уақытша демалуға арналған қосымша бөлме.

4-қосымша

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 20 сәуірдегі "Қазақстан Республикасы аумағында автомобиль жолдарын, жол ғимараттарын пайдалану Ережесін және оларды қорғау тәртібін бекіту туралы" N 316 қаулысы;

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 21 ақпандағы "Жол қоры туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру туралы" N 221 қаулысы;

3. Жол полициясы Департаментінің келісімі бойынша Көлік және коммуникациялар министрлігінің бекіткен автомобиль жолдарының карта - с х е м а с ы ;

4. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 26 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында халықаралық автомобиль тасымалын дамыту мен ұйымдастыруды жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" N 557 қаулысы.

5 . О с ы Е р е ж е ;

6. "Арнайы рұқсаттар" беруді реттейтін нормативті құжаттар.